

Бекітемін: *Ақсау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«Ұлтыңды сақтаймын десең, ұрнағыңды тәрбиеле!»

(Ересектер, «Ер Төстік» тобының облыстық семинарға арналған
ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті)



Тәрбиеші: *Ходжа-Ахметова.К.Е*

Таушық ауылы, 13.05.2025жыл

Құзыреттілік: Коммуникация. Шығармашылық. Таным. Әлеумет. Денсаулық.

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. Музыка. Қоршаған ортамен таныстыру.

Тақырыбы. «Ұлтыңды сақтаймын десең, ұрпағыңды тәрбиеле!»

Мақсаты: 194. Бір тұтас тәрбие негізінде балаларға қазақ халқының ұрпақтарына еліміздің ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру.

Тәрбиелігі: бала тәрбиесінің өзекті негіздері: тілі, сөйлеу мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрлері, ұлттық ойындарын рухани мәдениетке тәрбиелей отырып, күнделікті өмірде қолдануға баулу.

Дамытушылық: балалардың ұлттық рухының кемелденуіне.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, ұлттық ойын, сұрақ-жауап, сахналық көрініс.

Көрнекіліктер: Ұлттық құндылықтарға байланысты ойын түрлерінің жабдықтары.

Барысы: Ойын түрінде, топтарға бөлу, мадақтау.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

I. Кіріспе бөлім:

Тәрбиеші: Балалар, бізге көптеген қонақтар келген екен. Ендеше, жылы жүректі лебізімізбен амандасып алайық.

Шаттық шеңбер:

Біздер қазақ баласы

«Сәлем» сөздің анасы.

Алдымызға келдіңдер,

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен,

Иіліп сәлем береміз.

Сәлеметсіздер ме апайлар!

Сәлем, сәлем, достар!

II. Негізгі бөлім:

Тәрбиеші: Жарайсындар!

Сұрақ-жауап:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі.

-Көктем мезгілінде неше ай бар? Аттарын атап беріңдерші?

-Үш ай болады. Наурыз, сәуір, мамыр.

-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Қар еріп, күн жылынады. Ағаштар бүршік жарады. Төрт түлік мал төлдейді.

Құстар жылы жаққа ұшып келеді.

-Біз қай мемлекетте тұрамыз?

-Қазақстан мемлекеті

-Біздің ұлтымыз кім?

-Қазақ.

-Дұрыс айтасындар. Балалар, ендеше ұлттық құндылықтар туралы не білесіндер? Ұлттық құндылыққа не жатады?

-Қазақ тіліміз, салт-дәстүрлеріміз, ұлттық ойындарымыз, аспаптарымыз және т.б.

-Өте жақсы. Бүгінгі біздің ашық іс-әрекетіміздің тақырыбы: «Ұлтыңды сақтаймын десең, ұрпағыңды тәрбиеле!» деп аталады. Ендеше ұлттық құндылығымызды дәріптеу ретінде көрініс тамашалайық .Ия.

Көрініс: «Бірлік түбі-береке»

Тәрбиеші:

Бірлік пен достық,
Кең байтақ қазақ елінде.
Қосылған үлкен жиында
Тыңдамай достар бір-бірін,
Әңгіме дүкен құрышты.
Мақтаумен өзін сенімде.
Жылқы шықты кісінеп,
Төрт-түліктің түсі көп.
Тұрмыста жәрдем ісі көп,
Солардың бірақ ішінде
Менмін тұлпар күші көп.

Жылқы:

Мен жылқымын жүйрікпін,
Басқалардан биікпін
Бәйгені бермей жарыста
Шаң қаптыра құйылттым.

Тәрбиеші:

Асық шықты секіріп,
Белін буып бекініп.

Асық:

Бар бала мені қолдайды,
Қалмаңдар бәрің өкініп.
Ширақтап асық ұшқанда,
Тұрыңдар артқа шегініп.

Тәрбиеші:

Оюлар сонда сөйлейді

Мың бұралып биледі
Көмкерген сәнді көрсетіп
Көңілді әсем күйге енді.

Ою:

Сұлулық сыйлап әлемге,
Заттарға бояу беремін.
Жаратып бәрін кәдеге,
Өрнектеуге шебермін.

Тәрбиеші:

Домбыра сонда жыр төкті,
Тербетіп күйге жер көкті.
Ең жақын қазақ еліне,
Мен едім аспап қос ішекті.

Домбыра:

Қос ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-пәл жай бұра.
Нағыз қазақ,қазақ емес,
Нағыз қазақ домбыра!

Тәрбиеші:

Тыңдап бәрін жалықпай,
Әрбір сөзін даналықпен байыптай.
Ортада тұрған киіз-үй,
Ақылын айтты асқпай.

Киіз-үй:(аудио қосылады)

Бәріңді бірдей тыңдадым,
Біліммен өмір шыңдадым.
Сабырмен қалқам ұғындар,
Тіршіліктің сыр мәнін.
Жылқыдан келер пайда мол,
Қымызы дертке шипалы,
Мінсең жылқы,саусаң сүт.
Нағызғой көлік құралы
Көрпе-құрақ болмайды,
Оюсыз болса балалар.
Текемет,сандық,оңтайлы,
Өрнектелген қараңдар.
Асық ойнаған ширайды,
Бойына күш жинайды.
Ұлттық ойынды дәріптеп,

Денсаулық бізге сыйлайды.
Домбыра ұлттық мұрамыз,
Сағынып күнде тұрамыз.
Даламмен сәнді үндескен,
Сауық-сайран құрамыз.
Орынсыз босқа таласпа,
Жанжалмен жолдан адаспа.
Әр қайсың бөлек орның бар,
Болмайтын жерде санаспа.
Бәріңде маған керексің,
Кең байтақ қазақ жеріне.
Жарасып бірге тұрыңдар.
Әр-қазақтың төрінде!

Тәрбиеші: Балалар киіз үйдің қандай өсиет айтқанын түсіндіңдер ма?
Бөлінбей тату болыңдар, ешқашан бос нәрсеге ұрсысып, таласпаңдар, тату
болыңдар деді ия.

Тәрбиеші: Балалар, келіндер ендеше шеңбер болып тұрайық. Киіз үйді
құрайық.

Киіз үй шеңбері:

Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаншылар.
Керегелер керіліп,
Өрнек болып өріліп.
Бірге жүрсек айналып,
Киіз үй боп көрінер.

Тәрбиеші:

-Жарайсыңдар! Біз нені құрастырдық?

-Киіз үй.

- Олай болса, киіз үйге барып жайғасайық. Балалар, қараңдаршы киіз үй
неден құралған екен?

-Керегеден, уықтардан. Төбесінде үлкен – шаңырақ, және есігі бар.

-Балалар, қараңдаршы бұл ұлттық құндылықтарымызбен дәріптелген киіз үй
ойыны. Ертеде ата-бабаларымыз осылай киіз үйді жинап алып, қайта
құрастырып көшіп-қонып жүрген екен.

«Киіз үй» ойыны.

-Ал, енді қараңдаршы, Біз отырған киіз үй қандай әдемі безендірілген екен.

Мұнда әдемі сандық бар екен, ұлттық аспап- домбыра, жиһаздар, ұлттық
киімдер бар екен. Олар немен көмкерілген, бейнеленген екен?

(оюмен)Дұрыс айтасындар. Қазақтың ұлттық оюларымен бейнеленген екен. Біз ою-өрнектерді білеміз бе? Ия, білеміз.

Мақсаты: Балаларға ұлттық оюлар туралы мағлұмат беру.Ою аттарын атай білу және ырғақты қимылмен оларды көрсете білу.

Тосын сәт: (қолында жылаған сәбиі бар әже қонаққа келеді)

Әже: Амансындарма балаларым! Алыс жолдан келе жатқан жәйім бар.

Немерем ұйқысы келіп, мазасызданған соң, бесікке бөлеп ұйықтататйын деп келдім.

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе! Әрине, әже. Жақсы келдіңіз. Төрлетіңіз.

Балалар,біз ұлттық құндылығымыз «Бесікке салу» дәстүрін тамашалайтын болдық. Әже бізге бесікке салуды көрсетіп, әлди әнін айтып бермекші.

Келіндер бірге әжемен бірге ән тыңдап, тамашалайық.

Әже: Ертеде қазақ баласы бесікте жатып, әлди әнін тыңдап өскен. Бесікте ұйықтап өскен баланың денесі тік, жөргегі таза, денсаулығы мықты болады.

Ал, мынау –«түбек», ертеде түбегін киізден қиып жасаған. Сәбидің төсегі жылы денсаулығын суықтан қорғаған екен. Мұны, көбі біле бермейді.Біле жүріңдер, қарақтарым. Ал, енді әлдилеп ұйықтататайын. Анасының ақ сүтін еміп, әлдиін тыңдап өскен сәбидің ойлау қабілеті, ілімге деген құштарлығы артып, жақсы дамиды.

Ән: «Әлди,әлди»

Әже: Менің бөпем ұйықтаған сияқты. Ендеше, мен барып құрт қайнатып,балғаймақ қайнатып жатыр едім.Соны аяқтап келейін.

(осы кезде домбырасын күмбірлетіп, Алдар Көсе келеді)

Алдар Көсе:

Мен Алдармын, Алдармын!

Сақалымды талдармын.

Сақал түгілі, мұртта жоқ,

Мыстанды да алдармын.

А-а-а,е-е-е-е!

Тәрбиеші: О-ой! Ал, қанеки, Алдар атамызда келіп қалыпты ғой!

Алдар көсе: Ассалаумағалейкум қонақтар!Сәлеметсіндер ме балалар!

Балалар, сендердің балабақшаларыңның қасынан өтіп бара жатып, әлди әнін естіп қалдым да, соға кетуді жөн көрдім.

Тәрбиеші: Қош келдіңіз,Алдар ата! Бүгін бізде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, балалар мен бірге ашық іс-әрекет өткізіп жатырмыз.Алдар ата, дорбаңызда не бар? Дорбаңыз қандай күшті екен? Әрең көтеріп келе жатсыз ғой.

Алдар Көсе: Е-Е-е, оны маған байекең сыйға берген еді. Ішінде не бар екенін өзімде қарамаппын. Сендерге ашып көрсетейін бе? Олай болса көрейік. Не

бар екен? Байеке маған не берді екен? О-о-охоу, мынау қазақтың ұлттық аспаптары ғой! Мен көбінің атын білмейді екенмін. Сендер маған тануға көмектесесіңдер ме? Ал, балалар мынау қандай аспап?

Балалар: Асатаяқ, жетіген, домбыра, қобыз, сазсырнай және т.б.

Тәрбиеші: Алдар ата көп ұлттық аспаптарымызды ала келіпсіз ғой, сізге көп рахмет!

Алдар Көсе: Балалар, бұл аспаптардың бұндай атаулары бар екенін білмеппін ғой. Рахмет, сендер ұлттық аспаптарды жақсы таниды екенсіңдер! Сендерге рахмет! Бұл аспаптар сендерге аманат! Ұлттық аспаптарды ойнап, ән салып, оларды ұмытпай асқақтай беріңдер! Балалар мен сендерге өзіммен бірге «Шаңырақ» ойынын ала келдім.

«Шаңырақ» ойыны

Алдар Көсе: Ал, енді маған өздеріңнің білгірлеріңді, білімдеріңді көрсетіңдер.

Тәрбиеші: Әрине, Алдар ата! Келіндер балалар, оюлы текеметтің үстіндегі оюларды атай отырып, және үстінен секіру арқылы топтарға бөлінейік. Сандықшадан өздеріңнің қолдарыңа түскен белгі бойынша орналаса қойыңдар.

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Оюлы текемет»

(Балалар сандықшадан өздері таңдаған суреттерді алып, төрт топқа бөлінеді)

1. Киіз үй тапсырмасы: «Бағытты ою-өрнек»

Мақсаты: Бағыт-бағдарды бағдарлай білу, ою атаулары мен түстерін ажырату.

2. Асық тапсырмасы: «Ақ отау»

Мақсаты: Ұлттық құндылық-киіз үймен таныстыру, асықтарды түстерімен сәйкестендіру, санау.

3. Домбыра тапсырмасы: «Асықты пішіндер»

Мақсаты: Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, пішіндерді, түстерді және көңіл-күйін ажырату.

4. Қобыз тапсырмасы: «Текемет құрастыру»

Мақсаты: Ұлттық құндылық-текеметпен таныстыру, оюларды атай білу, құрастыру, түстеріне қарай ажырату.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар!

Ендеше, келіндер балалар табиғаттың әсем дауысын салып, бір серігіп алайық.

Сергіту сәті: «Көктемгі табиғат»

Табиғат әуені

О, табиғат! Неткен ғажап жаралған,

Тылсым әуен құлағымда ойнаған.
Әлі естіледі ерекше бір әуен,
Құстар самсап ағаштарда ойнаған.

Таза ауа, жұпар иісі аңқыған,
Бұлбұл үні әуелетіп қалқыған.
Сайраған ән самал желмен әкетіп,
Тербеліп бір, табиғат жаны толқыған.

Жаңбыр жауып салғанда шатыр әнін
Үнсіз билей бастады жапырағың
Жусаны аңқып, сылдырап аққан бұлақтар
Сыңсыған орман салады көктем әнін.

Мұнарлы шың басына бұлты бұққан,
Аңғарда өзен ағады сылдырлаған.
Құздан құлап кетердей шыңырауға,
Сайраған құстары үркіп ұшқан.

О, табиғат! Қандай ғажап ғаламат!
Таулары мен баулары әсем табиғат!
Желі самал, күн шуағын төгіп тұрған,
Өзен, көлі, орманы мәңгі табиғат!

Алдар Көсе: Қандай өнерлі балалар екенсіңдер. Мен сендерге ризамын.
Ұлттық құндылықтарымызды осылай дәріптеп, асқақтата беріңіздер. Қош сау
болыңыздар!

Әже: Қандай өнерлі, білімді балалар екенсіңдер. Өркендерің өссін. Мен де құр қол келген жоқпын, құрт, балғаймағымды қайнатып, сендерге өз қолыммен дайындаған ауылдың дәмін ала келдім. (балаларға, қонақтарға таратып береді. Бесіктегі сәбиін шешіп қолына көтеріп алады)

III. Қорытынды:

-Балалар, бүгінгі ашық іс-әрекетіміз сендерге ұнады ма?

-Біз немен таныстық?

-Ұлттық құндылықтарға не жатады?

-Бізге кімдер қонаққа келді?

-Әже бізге қандай салт-дәстүрді көрсетті?

-Қандай ойын түрлерін жасаған ұнады?

-Жарайсыңдар! Балалар, ата-бабаларымыздың асыл мұрасы, түп қазығы болған ұлттық құндылықтарымыз мына келешек, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырып кеткен. Олай болса, бүгінгі «Ұлттық құндылықтар-ұрпаққа аманат» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекетімізді аяқтаймыз. Қонақтарға сау болыңыздар айтамыз.

Қош сау болыңыздар!



